

## «IQAS» корпоративтік квиз лигасында Аграрка командасы жүлделі 3-орын алды!



2025 жылы 26 қараша күні өткен «IQAS» интеллектуалдық квизінің корпоративтік лигасына 20 команда қатысып, өзара білім сайысын өткізді. Аталған додада С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің атынан қатысқан «Аграрка» командасы үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі 3-орынға ие болды.

Команда құрамында: Умарова Улжан, Мухамадова Аягуз, Тұрғынбай Елнара, Кәкім Ескендір және Тасболат Алтынгүл сынды белсенді және білімді студенттер болды.

Бұл жетістік – команда мүшелерінің терең білімінің, ұйымшылдығы мен табандылығының жемісі. Қатысушылар бәсекелестікке толы ойында университет абыройын жоғары деңгейде қорғап шықты.

Команданы жеңісімен құттықтаймыз! Алда әлі талай биіктерді бағындыра беріңіздер!

